

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарлату туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2015 жылғы 3 тамыздағы № 300 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 қыркүйекте № 5857 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2018 жылғы 15 ақпандағы № 152 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 15.02.2018 № 152 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерлерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жер салығының мөлшерлемелерін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 379, 381 және 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 28.04.2016 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мәслихаттың 2009 жылғы 28 шілдедегі № 156 "Жер салығының базалық ставкаларының өзгерістері туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-11-95 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 11 қыркүйекте "Новый путь – Бозторғай" газетінде жарияланған), мәслихаттың 2012 жылғы 24 шілдедегі № 51 "Мәслихаттың 2009 жылғы 28 шілдедегі № 156 "Жер салығының базалық ставкаларының өзгерістері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-11-143 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 14 қыркүйекте "Қамысты жаңалықтары - Камыстинские новости" газетінде жарияланған) күші жойылды деп саналсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы
Қамысты аудандық
мәслихатының хатшысы

Л. Федорова
Б. Рахимжанов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің
Қамысты ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер
басқармасы" республикалық мекемесінің басшысы
_____ С. Жалаушыбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК